# 2013 жылы субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және ауыл шаруашылық дақылдарының оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 11 шілдедегі № 1420 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 14 тамызда № 4215 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдері 2013 жылғы 10 мамырдан бастап 10 маусымға дейін болып айқындалсын.

2. 2013 жылға арналған басым ауыл шаруашылық дақылдарының оңтайлы себу мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары М.Ж. Қалиевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 10 мамырдан бастап туындаған қатынастарға таралады.

*Әкім Ғ. Нұрмұхамбетов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Қостанай қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*________________________ Б. Мурзин*

Әкімдіктің
2013 жылғы 11 шілдедегі
№ 1420 қаулысына қосымша

## 2013 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері

| № | Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы | Себу мерзімдері |
|---|---|---|
| 1 | Аймақтық ғылыми негізделген агротехнологияларды сақтап, жазғы бидай, сұлы, арпа, тары, қарақұмық, бұршақтұқымдастар және дән | 15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін |
| 2 | Майлы дақылдар | 15 мамырдан бастап 30 мамырға дейін |
| 3 | Бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақтұқымдас көпжылдық шөптер, шабындық жерлерді шалғындандыру үшін егілген көпжылдық шөптер | Бірінші мерзім – 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, екінші мерзім – 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін |
| 4 | Жемшөптік | 15 мамырдан бастап 10 маусымға дейін |
| 5 | Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс | 15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін |
| 6 | Күздік бидай және қара бидай | 25 тамыздан бастап 10 қыркүйекке дейін |
| 7 | Көкөніс және бақша дақылдары | 25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін |
| 8 | Картоп | 10 мамырдан бастап 5 маусымға дейін |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК